



kst15.kz



№ 15 жалпы білім беретін орта мектеп

Общеобразовательная школа № 15

Газет 2016 жылдан бастап шығады

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН ӘДЕБИ-ТАНЫМДЫҚ ГАЗЕТ

№01 қыркүйек 2018 жыл

1 қыркүйек — Білім күні

**Жымыңдап күз келді,
Күліңіз сіз де енді.
Бірінші қыркүйек
Қарсы алыш біздерді!**

Кеше ғана жадыраған



жазды құшақ жая қарсы алып, маз-майрам боп едік. Бүгін жаз да қол бұлғап, есіктен кимай-қимай қарап тұр... Күз бір өзі келген жоқ. Білім күнін ерте келді. Білім күні - жас үшін де, кәрі үшін де мерейлі мереке, зор қуаныш. Білім күні - жас жүректердің дүрсілі. Бұл күні біреулер мектеп

табалдырығын алғаш рет аттап, мектеп атты зәулім ғимаратқа имене көз тастаса, біреулер университет қабырғасына балмұздақ болып қонақтап жатыр. Бұл күні балалармен бірге мұғалімдер де, ата-аналар да бір жасап қалады. Әдемі болып киінген халық білім күнінің ажарын ашып, сәнін келтіреді.

Сол сияқта біздің мектебіміздің қабырғасында алғашқы қоңырау сыңғырлап,өзінің шәкірттеріне есігін айқара ашты.Гүл ұстаған шәкірттер мектептің сәнін келтіргендей болды.Алғашқы қоңырау мерекесі балалар өмірінде алатын орны ерекше. Салтанатты жиында

мемлекеттік рәміздерді қолдану, ҚР туын әкелу, туды шығару, ҚР Әнұранын орындау ережеге сай өткізілді. Жаңа оқу жылының басталуымен мектебіміздің директоры Миранова Ж.Ж мектеп оқушылары мен ата-аналарын құттықтады. Бірінші сыныпқа енді ғана қадам басқан бүлдіршіндер үшін де бұл күн ерекше өтті. Биыл 76 бүлдіршін мектеп табалдырығын аттап, 1 сынып парталарын толтырды.

«Жас ұлан» мектеп комитеті

Құрметті ұстаздар!

**СІЗДЕРДІ КЕЛЕ
ЖАТҚАН ТӨЛ МЕРЕКЕ-
ЛЕРІҢІЗБЕН ҚҰТ-
ТЫҚТАЙМЫЗ!**



Бүгінгі санда:

Алғашқы Қоңырау **1**

Белсенді өмір жүз жастық ғұмыр **2**

Көңілді жаз **2**

Қызықты ақпарат **3**

Тіл ұлттық қазына **4**

Туған күніңмен, мектебім! **5**

Оқушы Шығармашылығы **5**

Құттықтау **6**

Белсенді өмір—жүз жастық ғұмыр

«Еліміздің ұзақ мерзімді «Қазақстан-2050» даму стратегиясының ең маңызды басымдылықтарының бірі денсаулық, білім алу мен Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттырып, салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру болып табылады.Ия расымен де,егеменді

еліміздің дамыған елдердің алдында болуы үшін ұрпақтың дені сау болуы керек . Денсаулығы мықты ел ғана осындай үлкен жетістіктерге жетеді. Сондықтан елімізде денсаулыққа байланысты өте үлкен көңіл бөлініп келеді.

Осы орайда «Дені саудың

жаны сау» атты ұранмен мектебімізде қыркүйектің 7 ші жұлдызында денсаулық фестивалі өтті.Шараның мақсаты — салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушыларды спортқа тарту, оларға денсаулықтың қадірін түсіндіру. Бұл күні аталмыш шараға мектеп

Белсенді өмір—жүз жастық ғұмыр



болып барлық сыныптар мен ұстаздар ат салысты. Әнұран ойнап, іс шараны мектеп директоры Мирамова Ж.Ж ашып берді. Спорттық формаларды киген оқушылар мен ұстаздар жаттығулар жасап, би биледі. Денсаулық күніне» өткен іс-шаралар жоспар бойынша өтіп, мектеп оқушылар мен ұстаздар түгел ат салысты. Бұл өткен іс-шараның адам денсаулығына, көңіл күйіне үлкен әсер етті және эстетикалық тәрбиесіне де зор ықпалы тиді.

Фестиваль аясында түрлі жарыстар өтіп, оқушылар тартысқа түсті. 2-4 сынып оқушылары мектеп ауласында қозғалмалы ойындар ойнап, спорттық жарыстар өткізді. 5-7 сыныптар кросс жарысына қатысса, 8-11 сынып қыздарының арасында волейбол жарысы, ал ұлдар арасында футбол жарысы өтті. Жарыстар аяқталысымен жеңімпаздар анықталып, марапатталды. Аталмыш іс— шара дәстүрлі болып есептеліп, жыл сайын өткізілетіні

мәлім. Осындай іс— шаралар арқасында деніміз сау, шымыр болып өсетініміз анық. Сондықтан да біз сіздерді әрқашан спортпен айналысып, шынығып жүруге шақырамыз.

Мектеп комитеті

Төрт мезгілдің ең кереметі жаз деп айтсақ қателеспес едік. Себебі осы бір керемет кезеңде барлық уайым қайғыны ұмытып, күннің ыстық

«Көңілді жаз»



сәулелеріне шомылатын демалыс кезеңдері де басталатыны айдан анық. Сол сияқты тоғыз ай бойы бойына білім нәрін жинап жазғы демалысты асыға күтетін оқушыларға Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің № 15 орта мектебінің жанында «Балдәурен» жазғы сауықтыру лагері жыл сайын өзінің есігін айқара ашып, бос уақыттарын қызықты өткізуді салтқа айналдырды. Биыл осы дәстүрден айнымай, балаларға ұмытылмастай демалыс сыйлағанымызға сенімдіміз. Оқушыларға арналған күнделікті қызыққа толы квест - ойындар, сайыстар керемет көңіл күйдің себепшісі болды десек қателеспейміз. Алайды

онымен шектелмей оқушылармен бірге қаламыздың көңілді, тарихи маңызы мол жерлеріне барып келгенімізде бар. Мысалы, Рухани жаңғыру бағдарламасын біздің кішкентай бүлдіршіндерімізге насихаттай отырып Облыстық өлкетану мұражайына барып келгеніміз де бар. Тарихқа тұнған осынау керемет жерге кіргенде балалар, сол бір заманның лебін сезінгендей болды.

Балаларды тағы бір қуанышқа бөлеген жер Funky town ойын – сауық орталығы. Осынау баланы ғана емес тіпті ересектің өзін қуанышқа бөлейтін жерде, тәрбиеленушілеріміз қызыққы шомылып

келді. Міне осындай өнер мен ойынды қатар ала жүретін біздің лагерь өздерінің келушілерін әлі талай қуантатынына сенімдіміз. Біздің көңілді тәрбиешілер келер жылы ертегіге толы жаңа бағдаламамен бүлдіршіндерді асыға күтетін болады.

Каршалова Э.Ф

аға тәлімгер

Қыркүйектегі ерекше күндер

Халықаралық бейбітшілік күні

Бұл атаулы күнді 1981 жылы БҰҰ-ның Бас Ассамблеясы бекіткен. Халықаралық бейбітшілік күні соғыс болдырмауға, зорлық-зомбылықтан бас тартуға шақырады. Атаулы күн 2002 жылдан бастап атап өтіледі. 21 қыркүйек күні барлық елдерде әскери қимылдар жүргізілмейді.

Ағаш егу күні

21 қыркүйек – Бразилияда ағаш егу күні. Бразилия ағаш отырғызу күнін жылына екі рет мерекелейді. Негізгі мереке 21 қыркүйекте атап өтіледі. Кей штаттарда климаттық жағдайларға байланысты

шара наурыз айының соңғы аптасында мерекеленеді.

Ауаға зиянды заттарды шығармау күні

21 қыркүйек күні атмосфераға зиянды газдарды шығару мәселесіне қатысты халықтың назарын аудару үшін түрлі іс-шаралар өткізіледі.

Көктем күні

Бізде қыркүйек айы күздің басы болса, Оңтүстік жарты шарда көктемнің басталуы саналады. Сондықтан, 21 қыркүйек күні олар көктем күнін атап өтеді. Бұл мерекенің мемлекеттік мәртебесінің болмауына, ресми жұмыс күні болғандығына қарамастан бірқатар Оңтүстік Америка елдерінде кеңінен атап өтіледі.

Гүл шоқтар күні

Әлемде түрлі түсті гүл шоқтары күні аталып өтеді. Адамдар бір-біріне күзгі гүлдер сыйлап, арқа-жарқа болатын күн. 10 қыркүйекте дүниежүзі бойынша флористердің көрмелері мен байқаулары ұйымдастырылады.

10 қыркүйек — бүкіләлемдік суицидтің алдын алу күні.

Бұл әлемдік денсаулық сақтау үшін жаһандық проблема. Статистика мәліметтеріне сүйенсек, әлемде соғыс пен зорлық-зомбылықпен өлтіру салдарынан қанша адам өлсе, өз-өзіне қол жұмсаудан сонша адам көз жұмады. Бұл күн адамдардың назарын осы түйткілді мәселеге аудару амалдарының бірі.

Халықаралық қайырымдылық күні

БҰҰ Бас Ассамблеясының шешімімен 2013 жылдан бері 5 қыркүйекте тойланып келеді, ал осы мерекенің бастамашысы болған Венгрия елі. Бұл күн Тереза ананың қайтыс болған күнімен орайластырылған екен.

Озон қабатын қорғаудың халықаралық күні

Озон қабаты - Жерді ультракүлгін сәулелерден қорғап тұратын қалқан. Адамзат экологиялық қауіптің алдын-алудың маңызын түпкілікті түсініп, оны болдырмау үшін белсенді шаралар жүргізуі тиіс. Соның құрметіне бұл атаулы күн Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының шешімімен 1995 жылдан бастап аталып өтіледі.





«Тіл– ұлттық қазына»

Ана-тілі – әр ұлттың қастерлі құндылығы. Көп ұлтты Қазақстанда барлық халық өкілдеріне өздерінің салт-дәстүрін, ана тілін ұмытпауға, сақтауға және дамытуға мүмкіндік жасалған. Қоңыр күздің жетегінде келетін Қазақстан халқы тілдері күні мерекесі-кең байтақ қазақ даласын тіл салтанаты кернейтін сәт. Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлының Жолдауында еліміздің әлемнің дамыған, алдыңғы қатардағы 50 елінің қатарына енуін басты міндет етіп бекіткен болатын. Өркениетті елдердің қатарына қосылу үшін ең алдымен ана тіліміздің мәртебесін көтеруіміз қажет екені анық. Осыдан тура 24 жыл бұрын - 1989 жылы 22 қыркүйек күні "Тіл туралы" заң қабылданған болатын. Бұл заңда Қазақ ССР-нің мемлекеттік тілі қазақ тілі, ал орыс тілі — ұлтаралық тіл деп бекітілген еді. Тіл –

қандай ұлтта, елде болмасын әрқашан қастерлі де құдіретті. Ол әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. Тіл - әрбір елдің жаны. Осы тілдер мерекесіне орай мектебімізде тілдер апталығы болып өтті. Апталықтың ашылуы салтанатты түрде аптаның алғашқы күні атап өтілді. Апталық барысында әртүрлі іс - шаралар өткізілді. Солардың бірі «Тіл— ұлттық қазына» атты 5-6 сыныптар арасында өткен сайыс. Бұл сайысты өткізудің мақсаты оқушыны ана тілін қастерлеуге, өз елінің патриоты болуға тәрбиелеу. Сайыс барысында әр бір құрастырылған тапсырмалар оқушыға қызықты әрі ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Ал 7 –9 сынып оқушылары арасында «Полиглот» сайысы өткізілді. Бұл зияткерлік сайыс аясында

оқушылар топ болып жарысты. Сайыстың мақсаты Елбасы Н. Назарбаевтың «Тілдердің үштұғырлығы» мәдени жобасын іске асыру, үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін жетік меңгерген жан-жақты дамыған, бәсекеге қабілетті тұлға тәрбиелеу болып табылды. Ал 10-11 сынып оқушыларына арнап «Әуенді тап» музыкалық сайысы өткізілді. Сайыс барысында оқушылар 3 тілде әуендерді тауып алуға тырысты. Сайыс өте қызықты әрі тартысты өтті.

Мектеп комитеті



Туған күніңмен, мектебім!

Қостанай қаласындағы №15 орта мектебінің ашылғанына биыл 3 жыл толды. Біздің мектеп осы арада көптеген олимпиадалар, спорттық іс-шараларға қатысып жүлделі орындарды иеленді. Мектебімізде екі жылдық мерейтойға байланысты түрлі іс-шаралар жүргізілді.



Мереке күні оқушылар мектеп жайлы

бейнебаян түсіріп мектепті, ата-аналарды бір куантты. Біздің мектептің он қолынан май тамған шебер оқушылар мектебімізге түрлі-түрлі сыйлықтар сыйлады. Қолөнерден бөлек осы жылы ерекше сыйлық ол мектебімізге көрік беріп, ауланы таза ауаға бөлейтін талдар болды. Бұл іс-шара аясында мектеп алдында оқушылар сап түзеп, шағын концерт өткізілді. Концерт аяқталысымен, мерекелік көңіл күймен мектеп оқушылары, ата-аналармен және ұстаздарымен бірігіп ағаш отырғызуға кірісті.

Мектеп ұжымын, оқушылар мен ата-аналарды шын жүректен мектептің туған күнімен құттықтаймыз! Елімізбен бірге мектебіміз де дамып, өсіп, көркейе берсін!


Адилхан Шыңғыс
11 «А» сыныбы

Алтын ұя мектебім, жырға қоссам өзінді.....



Туған күн!
Айналасы гүлдерменен
коршалған,
15 мектеп біздің бір арман.
Бүгін міне мектептің
Туған күні келіп қалған.
Білім беріп жатыр бізге,
Осы біздің мектеп кеме.
Білімге құштар балалар,
Біздің мектеп ішінде.
3 жасқа толдық міне,
Келе жатырмыз біз мектепке.
Есігін айқара ашады,
Алтын ұя мектепте.
Әр оқушы, әр ұстаз,
Сыйлық жасар бұл күнде.
Қуанады шаттанады
Мектептің туған күнінде.
Қуандықова Элонура
9 «Ә» сынып
Аяулы мектебім

Білмегенді үйретеді саралап,
Асып түсер бір сабақтан, бір сабақ.
Білген сайын жер дүниенің
құпиясын,
Өсіп келер ойымызда күн сайын.
Адамдыққа, адалдыққа
тәрбиелеп,
Әндер айттық, өлең жаттап,
би билеп,
Әр сабақтан алдық біздер көп дерек
Уябаева Амина
4 «Ә» сынып



**Ұйымның ұраны: Біз өрендер тәуелсіз ел қыраны,
Биіктерге самғау болсын ұраны.**


Білім беру ұйымы

Құттықтаймыз

Жилкибаева Людмила Жумартовна



Абдрахов Егизбай Молдабекович

Адаева Зинайда Хабдрашева

Нургалива Сауле Мухамеджановна

Мухамбетжанова Гульсара Бисимбаевна

Асқарұлы Азат, Қуандықов Нурислам,
Наурызбаева Анэля, Сапанов Нұрдаулет,
Уразбеков Адилжан, Баймен Нұрай, Кужаков
Болат, Сейдуов Ахат, Тынымбай Аягөз,
Базарбаев Санжар, Бухметова Дания,
Жанболатқызы Назерке, Касымбек Нуржан,
Арғынбекова Анеля, Капарова Амина,
Жанбатыр Амангелді, Иралинова Сабина,
Қобланды Диана, Мағауия Нұрзат, Намиялы
Бақытжан, Орынбек Нұралы, Сеитова Зарина,
Әли Анель, Жунусова Камиля, Салмаганбетова
Назгул, Испулова Меруерт, Қуандықова
Элонура, Молдабеков Мадияр, Боранбай
Мадихан, Далабай Бекзат, Капарова Фаридат,
Таспаева Айнур, Сапарбекова Гүлден,
Сүлейменова Мариям, Мукан Жаннур, Хайса
Танзия, Джумабаева Анелия, Балғабай
Мухаммед, Жакебай Бекзат, Кожахметова
Зарина, Аманжолов Адиль, Арестанбаев Айдар



Мекен-жайы: Қостанай
қаласы, Солтүстік-Батыс
ықшамауданы, 49-қартал,
жер телімі 1

Телефон: 8-714-2-39-24-95
Эл. почта: sch15@kst-goo.kz



